

«Өз активтеріңізді қорғаңыздар: Кепілдегі мүлікті залалдан сақтандыру.»

«Виктория» СК» АҚ: уақытпен тексерілген қаржылық сенімділік!

Қазіргі заманда бизнесті дамыту, жаңа жобаларды іске асыру және өмір шарттарын жақсарту үшін қарыздық қаражаттар жиі пайдаланылады. Қазіргі таңда азаматтар мен кәсіпорындардың көпшілігі мүлікті – мейлі пәтер болсын, мейлі автомобиль, техника немесе коммерциялық жылжымайтын мүлік болсын, кепілге қойып кредиттер алуда. Мұндай шара ыңғайлы және кей жағдайда қажет соманы алудың жалғыз тәсілі. Бірақ кейбіреулер: егер кепілдегі мүлікпен бірдеңе болып қалса, не болады – деп ойланып қалады. Өрт, су басу, дүлей апаттардың нәтижесінде зақымдану, ұрлап айдап әкету немесе апатқа ұшырау және тағы сол сияқтылар негізінде сіз мүліксіз қалу тәуекеліне ұшырайсыз, оған қоса банк те кредитті толық көлемде қайтаруды талап етеді.

Қос бірдей залал көрмеу үшін сақтандыру компаниясы назарларыңызға **кепілдегі мүлікті залалдан сақтандыру бағдарламасын** ұсынады.

Кепілдегі мүлікті залалдан сақтандыру – қорғанудың қажетті және ақылға қонымды шараларының бірі болып барады. Себебі бұл – кепілзаттың немесе оның құнының сақталуына кепілдік беретін орынды сақтықтың шарасы.

Кепілдегі мүлікті залалдан сақтандыру дегеніміз нені білдіреді? Бұл – сақтандыру келісімшарты. Сол келісімшарт бойынша сақтандыру компаниясы Пайда алушыға, мына жағдайда – банкке, залалдарды өтейді. Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру компаниясы пайда алушыға өтемақы төлейді, соның нәтижесінде не мүлікті қалпына келтіруге, не болмаса кредитті өтеуге көмектеседі.



Бұл не үшін маңызды?

Сақтандыру келісімшарты алуан түрлі тәуекелдерді өтейді: өрт және өрт сөндірудің салдары, су тасқыны, қатты жел, құйын, жер сілкінісі, тұрмыстық немесе өндірістік газдың жарылуы, судан келген залал (құбырдың жарылуы, су басу), ұрлық, тонаушылық, ұрлап айдап әкету, вандализм, ағаштардың, құрылымдардың немесе ұшу аппараттарының бөліктерінің құлауы, техногендік апаттар, электр желісіндегі ақаулар, жабдықтың сынуы.

Сақтандыру келісімшартын рәсімдеу үдерісі өте қарапайым.

- **Өтініш беру:** сақтанушы мүлік туралы деректерді көрсете отырып, стандартты нысандағы өтінішті толтырады.

- **Мүлікті қарап-тексеру:** сақтандыру компаниясы мүлікке бағалау шарасын немесе сараптама жүргізуі мүмкін.

- **Шарттарды келісу:** сақтандыру сомасы, тәуекелдер тізімі, сыйлықақы мөлшері, сақтандыру мерзімі белгіленеді.

- **Келісімшарт жасау.**

Сақтандыру жағдайы басталған кезде не істеу керек?

1. Ол жөнінде шұғыл түрде сақтандыру компаниясына хабарлау қажет.
2. Оқиғаны тіркеу (полицияға, өрт сөндіру қызметіне хабарлау, тексеру актісін жасау) қажет.
3. Сақтандырушының өкілі қарап-тексергенге дейін апат салдарын жоюға кірісуге болмайды.
4. Құжаттарды: өтініш, фото, анықтама, мүлікке құқығын растайтын құжат беру.
5. Төлемақыны күту.

Сарапшылар ұсынатын негізгі кеңестер:

- ✓ Сақтандыру келісімшартын сақтандыруға лицензиясы бар компаниямен ғана жасаңыз.
- ✓ Сақтандыру сомасы мүліктің нарықтық құнына сәйкес болуына көз жеткізіңіз.
- ✓ Сақтандыру шарттары мен ерекшеліктер тізімімен міндетті түрде танысып шығыңыз.
- ✓ Полис пен соған қосылған қосымшалардың барлығын қолжетімді жерде сақтаңыз.
- ✓ Сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының нұсқаулығы бойынша іс-әрекет жасаңыз.

Сіздің активтеріңіз қорғауды талап етеді. Кепілдегі мүлік – ол тек кредитті қамтамасыз ету ғана емес. Бұл дегеніміз – сіздің бизнес-үдерістеріңіздің, өндірісіңіздің немесе жеке басыңыздағы берекеніздің маңызды бөлігі. **Мүлікті залалдан сақтандыру** – бұл шығындану емес, керісінше тұрақтылыққа деген инвестиция.

Күтілмеген жағдайларда да өзіңізді салқынқандылықпен ұстаңыз. Қаржылық шығындарды болдырмаңыз. Кәсіби мамандарға ғана сеніп тапсырыңыз. **«Виктория» СК» АҚ-ға хабарласып**, сыйлықақының дербес есептемесін алыңыз, сақтандыру жағдайы болған кезде бүкіл кезеңдерде қолдау мен кәсіби көмек көрсетіледі. Қосымша ақпараттарды компанияның www.vic.kz сайтынан немесе +7 (727) 279 55 80 телефон нөмірі арқылы алуға болады.